

# AQTÓĜAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№16 (7905)  
Жұма 14 сәуір  
2023 жыл



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясының ашылуында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев іскерлік белсенділікті ынталандыру, еліміздің өндірістік әлеуетін барынша арттыру, инфрақұрылымды да-

## Адами капиталға тірек болар бағыт анық

мытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау міндетін қойды. Оған қоса азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру, адам капиталының сапасын барынша арттыру, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау мәселелерін баса айтты. Бұл – Президентіміздің халықтың хал-ахуалын жетік біліп, кеше қандай болды, бүгін нәдей өзгерістер бар екендігін барынша аңдап біліп отырғанын аңғартады. Алдымен адами капиталдың негізін қалайтын білім саласына тоқталды. Келер ұрпақты елің, жерін сүйетін елжанды, отансүйгіш етіп тәрбиелеу міндеті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін аңғартты.

Мемлекет басшысы шағын және орта кәсіпкерлік экономика мен еңбек нарығының қозғаушы күшіне айналуға тиіс болғанын, бірақ нәтижесі көңіл көншітпейтінін

айтты. Қолдаудың кешенді шаралары өз ісіне жауапкершілігі зор кәсіпкерлердің жаңа буынын қалыптастырады. Президент айтқандай, кәсібін табысты жүргізетін бизнесмендер аймақтарда бар. Оларға нақты көмек көрсету маңызды.

Президент өз сөзінде барлық өңірге тән қиындықтарды – тозығы жеткен энергетика инфрақұрылымын, коммуналдық желілердегі апаттарды, жол электр тарату желісі, газ құбыры секілді негізгі қажеттіліктердің тапшылығын атап өтті. «Дайындалып жатқан электр энергетикасы нарығын дамытудың жаңа үлгісі осы салаға қосымша инвестиция тартуға негіз болмақ. Мәжілістегі электр энергетикасына қатысты үш заң жобасын шұғыл түрде қарау және қабылдау арқылы еліміздің инфрақұрылымдық қуатын арттыруға үлес қосамыз деп ойлаймын».

Президент ұсынған Ұлттық инфрақұрылым жоспары қабылданса, онда осы саладағы басты мәселелер ашық көрсетіліп, оны шешу жолдары ұсынылса, көп түйткіл тарқатылар еді.

Президент барлық істің бел ортасында болу, ел мүддесін бөрінен жоғары қою, мәслихаттармен бірлесе жұмыс істеу мемлекет саясатын барынша үйлесімді ететінін айтты. Енді шын мәнінде ықпалды Парламентке айналудың жолындағы бағыт-бағдарымыз айқын.

А.Қабдынова,  
Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты.



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

## Құптарлық шешім

Мемлекет басшысының VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясындағы сөзінен көп жайлы аңғаруға болатындай. Президент жыл ішіндегі еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі негізгі өзгерістерді тілге тиек етіп, жүзеге асырылған реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін қадап айтты.

– Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс. Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Оның бәрі, ең алдымен, ел болашағы үшін айрықша маңызды, – деді Қ.Тоқаев.

Бұл ашық қоғамның алғышартындай маңызды мәлімдеме болды деп санаймыз. Жалпы сессия барысындағы баяндамасында Президент еліміздің негізгі басымдықтарына тоқталып, Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойларын ортаға салды. Ауыл шаруашылығымен айналысатын іргелі жеке құрылымның жетекшісі ретінде маған төртінші бағыт «Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беру қажет» дегені ерекше әсер етті.

Президент бұған дейінгі Жолдауларында, Үкіметтің кеңейтілген отырыстарында да аса іргелі саланы дамыту туралы айтып, Үкіметке нақты міндет жүктеп келді. Сондай-ақ, өз сөзінде ауыл тұрғындарына 5-7 жылға жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие берілетінін, ауыл шаруашылығы кооперативтері халыққа қызмет көрсету және өнім өткізу үшін құрылатынын жеткізді. Қазіргі таңда өзекті мәселеге айналған су қауіпсіздігі жайлы да айрықша атап өтті. Саладағы бағыт-бағдарды тағы бір айқындап берді.

Г.Қойбағарова,  
ауданның кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы.

## Қуаң, ағайын!

### Жерлесіміз – «Алаш» сыйлығының иегері

Күні кеше алмалы шаһар Алматыдан Арқаға сүйіншілеген хабар жетті. Қарашанырақ Қазақстан Жазушылар одағында Әдеби жыл қорытындысында жерлесіміз, ақын Бағдат Мүбәрак Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанды.

Бағдат Мүбәрак – шығармашылығы ғасырымыздың басынан бері жарық көріп, тырнақалды жыр жинақтары көпшіліктің жылы ықыласына бөленіп, рухты өлеңдері Алашқа танылған талантты ақын. Аз жазса да, саз жазатын ақынға әдеби сыйлық «Алтынқүрек» өлеңдер жинағы үшін берілді. Бағдат Мүбәрак 1978 жылы 17 ақпанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылында туған. Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің филология факультетін 1998 жылы тәмамдаған. Қалалық «Балқаш өңірі», облыстық «Орталық Қазақстан», аудандық «Тоқырауын тынысы» газеттерінде және «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасында, «Қазақ радиосында» қызметтер атқарған. Облыстық, республикалық жыр мүшәйраларының лауреаты. 2009 жылы мемлекеттік тапсырыспен «Жалын» баспасынан «Күсін хат» атты жыр жинағы жарық көрген.

Құрметті Бағдат Мүбәрақұлы! Сізді мемлекеттік марапатыңызбен Ақтоғай жұртшылығы атынан құттықтап, әрдайым тұғыры биік белестерге жете беруіңізге тілектеспіз!



## Білім

### Жаңашыл ұстаздар бас қосты



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде: «XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс», – деп атап айтқан болатын.

Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесі, білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту, педагогтың кәсіби деңгейін арттыру басты орынға қойылып отыр. Жаһандану үрдісінде шығармашылық ізденістегі әр баланың ақыл-ой еңбегінің дамуына ықпал жасайтын

(Жалғасы 2-бетте).

# Жаңашыл ұстаздар бас қосты

(Соңы. Басы 1-бетте).

негізгі тұлғаның бірі – ұстаз. Оқушыларға қазіргі заман талабына сай білім беру үшін мұғалім үлкен ізденіс үстінде болуы керек.

Осы орайда өткен сейсенбіде аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Қосымша білім беру орталығында» «Шексіз кеңістік» атты аудандық физика пәні мұғалімдерінің форумы болып өтті. Баланың физика, биология пәніне деген қызығушылықтарын қалай арттыруға болады? «Ол үшін зертханалық жұмыстарды жиірек өткізу керек» дейді форумға қатысушылар. Себебі, оқушыларға теорияға қарағанда, практика пайдалырақ. Ауқымды шарада мұғалімдер осындай сан алуан ұсыныстарын ортаға тастады.

Басқосуды ауданның білім бөлімінің басшысы Айдос Қуанышбаев ашты.

– Балаларды физиканы оқуға мәжбүрлеу керек, оларды таңқалдыра білу қажет. Себебі, физика – бұл табиғат жайлы ілім. Механика мен термодинамика, Ньютон мен тартылыс заңдары. Физика – өте қызықты пән, бірақ аса күрделі. Төртінші өнеркәсіптік революцияға аяқ басқан әлемде бұл ғылымға деген сұраныс жоғарылап келеді. Бүгінгі форумды өткізудегі негізгі мақсат – физика, биология пәні мұғалімдерін қолдау, ынталандыру және тәжірибе алмасу, сала өкілдерін кәсіби алаңға жинау, – деген А.Қуанышбаев шараның мән-маңызына тоқталды.

Мұнан соң К.Байсейітова атындағы ТМ (РО) КММ

физика пәні мұғалімі Г.Жумаканова «Физика пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы», Ақши негізгі орта мектебінің ұстазы З.Ордабекова «Физика пәнін оқытуда функционалдық сауаттылығын дамыту», Шашубай кенті мектеп-балабақша базасындағы ТМ-нің оқытушысы Р.Әбілқап «Физика пәнін оқытуда интерактивті

физика заңдылықтарына сүйеніп отырып жасаған тәжірибе жұмыстарының көрмесін тамашалады. Жас өнертапқыштардың баламалы энергия көзі, тартылыс күші арқылы жасаған ғылыми жұмыстары жоғары бағаланды.

«Біз бүгін физика пәнін қалай білім беру қажеттігін айту үшін емес, аталған пәннен сапалы білім беру мәселелерін айту үшін жиналдык. Сабақты әртүрлі формада беруге болады. Физика – математика, биология сынды тағы басқа пәндермен тығыз байланысты. Кейде тақырыптар бір-бірімен жанасып жатады. Сондықтан, мұғалімдердің бір-бірімен тәжірибе, пікір алмасуы маңызды. Бүгінгі форум бізге сондай мүмкіндік берді», – дейді форумға қатысушы Ә.Бөкейхан атындағы ТМ ұстазы А.Жазылбекова.

Сондай-ақ, бұл күні Ж.Кенесбаев атындағы жалпы білім беретін мектебі ғимаратында «Биология пәнін оқыту жағдайындағы проблемалар мен ұсыныстар» тақырыбында аудандық биология пәні мұғалімдерінің форумы өтті.

Форум қатысушыларына «Биология сабағында құндылыққа негізделген білімді іске асыру», «Мектеп оқулықтарының сапасы – білім сапасының көрсеткіші», биология сабағындағы «Диалогтық оқыту» тақырыбында ақпар беріліп, секциялық жұмыстар барысында аталмыш пән ұстаздары тәжірибе алмасты.

Өз тілшімізден.



технологияларды қолдау» және Қошқар орта мектебінің мұғалімі М.Жиенбаева «Физика сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер» туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар, пән мұғалімдері арасында секциялық жұмыстар жасалды.

Келесі кезекте форум қонақтары ауданға қарасты мектеп оқушыларының пән мұғалімдерімен бірлесіп



## Конкурс

## Конкурс

## Конкурс

2023 жылғы 15 сәуірде «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі» республикалық конкурсы басталады.

Конкурсқа қатысуға кемінде үш жыл мінсіз мемлекеттік қызмет өтілі бар «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері жіберіледі. Конкурсқа мемлекеттік қызметші мемлекеттік орган басшысының ұсынуы бойынша қатыса алады.

### I кезең – өңірлік (облыстық) деңгей.

Бірінші кезеңге қатысушыларды іріктеуді өңірлік конкурстық комиссия жүргізеді. Өңірлік конкурстық комиссия Агенттіктің аумақтық департаменттері жанынан құрылады. Комиссия құрамы қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ, мемлекеттік органдардың басшыларынан және басқа да тұлғалардың өкілдерін қамтиды. Құжаттар 2023 жылғы 15-30 сәуір аралығында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттерінің электрондық пошталары арқылы қабылданады:

- 1) конкурсқа қатысу туралы мемлекеттік органның ұсынымы;
- 2) конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі.

### II кезең – республикалық деңгей.

Екінші кезеңде республикалық комиссия қатысушылардың презентациясын тыңдау мақсатында 2023 жылғы 2 маусымға дейін кандидаттармен әңгімелесу өткізеді. Презентация қорытындылары бойынша республикалық комиссия онлайн дауыс беруге жолдау үшін

үздік ұсыныстарды іріктейді.

Онлайн дауыс беру Агенттіктің әлеуметтік желілердегі парақшаларында жүргізіледі және оған республиканың барлық азаматтары қатыса алады.

Республикалық комиссияның қорытынды отырысында конкурс жеңімпаздары айқындалатын кон-



курс нәтижелері туралы шешім қабылданады.

Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі «23 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметші күні» мерекесіне орай ұйымдастырылады.

Толық ақпарат Агенттіктің ресми сайтында орналастырылған арнайы Әдістемелік ұсынымда көрсетілген.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің байланыс телефоны: 8 (7212) 50-40-23.

15 апреля текущего года стартует республиканский конкурс «Жылдың үздік мемлекеттік қызметшісі».

К участию в конкурсе допускаются административные государственные служащие корпуса «Б», имеющие не менее трех лет безупречной государственной службы. При этом,

средств массовой информации, независимых экспертов.

Прием документов осуществляется с 15 по 30 апреля 2023 года путем направления на электронные адреса территориальных департаментов Агентства РК по делам государственной службы следующих материалов:

- 1) представление государственного органа об участии в конкурсе;
- 2) послужной список участника конкурса.

### II этап – республиканский уровень.

На втором этапе республиканская комиссия проводит собеседование с кандидатами до 2 июня 2023 года, которое представляет собой представление презентации. По итогам презентации республиканская комиссия отбирает лучшие предложения кандидатов для направления на онлайн голосование.

Онлайн голосование проводится на страницах Агентства в социальных сетях, в котором могут принять участие все граждане республики.

По итоговому заседанию республиканская комиссия принимает решение о результатах конкурса, в котором определяются победители конкурса.

Церемония награждения победителей конкурса приурочивается к празднованию Дня государственного служащего Республики Казахстан – 23 июня.

Более подробная информация содержится в специальных Методических рекомендациях, размещенных на официальном сайте Агентства. Контактный телефон Департамента Агентства РК по делам государственной службы по Карагандинской области: 8 (7212) 50-40-23.

### I этап – региональный (областной) уровень.

Отбор кандидатов, рекомендуемых для участия во втором этапе, проводится региональными конкурсными комиссиями. Региональные конкурсные комиссии создаются при территориальных департаментах Агентства. Состав Комиссии формируется из представителей госорганов, общественных объединений, неправительственных организаций,

Мемлекеттік қызмет

## Мемлекеттік қызмет сапасы – заң талабы

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы, соның ішінде азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатындығы белгілі.

Осының негізінде азаматтар мемлекеттің қызметіне толықтай тәуелді, яғни мемлекеттік қызмет көрсетуші органдардың басты мақсаты – азаматтардың өмір сүруіне тиісті жағдай жасау.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып әкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Қазіргі кезде мемлекеттік қызмет қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән береді.

### Жалпы мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз не?

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының

бірі.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі қағидағтары:

- көрсетілетін қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

- мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

- мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

- мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Жоғарыда атап өткендей, мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсетуіне қойылатын талаптары және оларды көрсету тәртібі мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде айқындалады.

Осыған орай, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша шағымдарыңыз, арыздарыңыз болса немесе құқықтарыңыз бұзылса, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаментіне жүгінулеріңізге болады. Біздің мекен-жайымыз: Н.Назарбаев даңғылы, 39, 2-қабат, байланыс телефоны: 50-40-66.

Е.Жолданғар,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Адами капитал әрқашан елдің тұрақты дамуы үшін шешуші рөл атқарады. Кез келген елдің демографиясы ішкі саясат, экономикаға тікелей әсер ететіні белгілі. «Төріңде бесік тұрса, төре де бас иеді» дейтін қазақ топырағында жылына қаншама бөбек дүниеге есігін ашады. Елімізде ұлттық саясаттың басым бағытының бірі

мемлекет тарапынан төленетін жәрдемақылар бар. Мәселен, бала туғаннан соң ай сайын жөргекпұл төленіп отыратыны белгілі. Жыл басынан бері бұл жәрдемақының мөлшері ұлғайды. Осыған дейін аналар жөргекпұлды бала 1 жасқа толғанша алып келсе, енді оны 1,5 жасқа дейін алуда. 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін



## «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады»

– демографиялық өсім. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел азаматтарының өмір сүру сапасы мен деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылықты үнемі назарда ұстап келеді.

Биылғы жылдан бастап енгізілген әлеуметтік қолдау шаралары да осы басымдықтардың аясында жүзеге асуда. Соның бірі – бала күтімі мерзімін 1,5 жасқа ұзарту. Жаңа Кодекстің негізінде жүзеге асып жатқан әлеуметтік қолдау жас аналарға үлкен жаңалық болды. Әлбетте, аналар үшін бала күтіміне берілетін жәрдемақының көмегі көп. Бұл жаңалықтан кейін аналар бірінен соң бірі «баламның несібесі ғой» деп жәрдемақының ұзартылғанын сүйіншілеп таратты. Бала күтімімен үйде отырған аналар үшін бұл, әрине, қуанарлық жағдай.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, елімізде бұл төлемді 600 мыңнан аса ана алып отыр. Оның 500 мыңнан астамының жұмысы болса, 60 мыңы – жұмыссыз. Ал, 1,5 жасқа дейінгі жаңа төлемді 160 мыңнан астам ана алып отыр.

Бүгінде баласының бабын жасап, үйде отырған аналар аз емес. Оларға

бір жасқа толмаған барлық бала үшін төлем автоматты түрде жарты жылға ұзарды. Ал, 1 қаңтардан бастап туған балаға төлем бірден 1,5 жасқа дейін тағайындалды.

Бала күтімімен үйде отырған аналар сәбиі бір жастан асар-аспастан жұмысқа шығуға асығатын. Әрине, мұның себебі де жоқ емес. Қаржылық жағдай қыспаққа салғанда, ортайған табыстың орнын толтырғысы келеді.

Жөргекпұлдың «жасы» ұзарғандығына жер-жерде ата-аналардың қуанып жатқанын көріп біліп жүрміз. Бұл бұлдіршіндеріміздің болашағы мен тәрбиесіне зер салуға жасалған анық қадам. Тіпті, демографиялық қарқынның өсуіне де септесер дүние десек, артық айтқандық болмас.

«Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» дейді халық даналығы. Десе де, нарықтық заманда баланы жұртқа жалтақтатпай асыраудың өзі айтарлықтай шаруа екені баршаға аян. Осы ретте жөргекпұл мерзімінің ұзаруы ел демографиясына демеу болары анық.

Д.Амангелдіұлы.

Дін – бірліктің діңгегі

## Діни экстремизм, терроризм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп

ҚР Конституциясы, «Экстремизмге қарсы іс-әрекеттер туралы» Заңы, «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, ҚР Білім беру ұйымдарында тәрбие берудің жиынтық бағдарламасы, «Кәмелет жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар және қараусыздық пен қорғансыздық ескертулері туралы» бағдарламалары.

«Діни экстремизм» терминінің нақты құқықтық белгіленген «шекарасы» жоқ және ол саяси экстремизм сияқты діни догмалардың арасында қызметін жүргізеді. Діни экстремизмді саяси қызығушылықтарын іске асыру жолындағы, мемлекеттік және халықаралық құқықты мойындамайтын, зорлық әдістерінің діни лозунгтары ретінде анықталуы мүмкін. Көбінесе ол саяси жағдайларда қолданылады: діни ұйымдардың мемлекетке немесе басшылыққа конфессиялардың бірінің өкілдері билікке келуі.

Қазіргі таңда исламға «изм», «террор» жағымсыз айдарлар тағылуда. Исламға бұлардың түк те қатысы жоқ. Мұның бәрі жала боп есептеледі. Сонымен, экстремизм дегеніміз не? Экстремизм деген латын сөзі «шеттеу», яғни орталықтан ауытқу, тәртіпке

бағынбау, өз пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы деген ұғымды білдіреді. Экстремизмнің пайда болуы надандыққа, көрсоқырлыққа бейімделген көзқарастардан туындайды, яғни олардың ойы «тек қана менің пікірім дұрыс, өзгенікі бұрыс дегенге саяды». Бұл оның ең алғашқы кезеңдері болып саналады. Сондай-ақ тағы бір көрінісі – өзгелерді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмеу. Олар өздерін өте таза, кіршіксіз санап, басқаны адасушыларға жатқызады. Тура жол көрсеткендерді мойындамайды. Міне, осы себептерден, түрлі төңкерістер мен қантөгістерден орын алуы ықтимал.

Экстремизм мүшелері көздеген мақсаттарына жету үшін ешнәрседен қаймықпайды. Тіпті, өздерін құрбан етуге әзір. Осылайша күш, қару қолдану және заңдар сенім-нанымдарды аяққа таптап, дін атын бүркемелеп, діттегендеріне жетуге тырысады. Өзі үшін бөгде пікірде саналатындарды түрлі амал-айлалармен арандатуды ойластырады. Экстремизм діндегі жеңілдеткен үкімдерді ауырлатып көрсетіп, халыққа түймедейді түйедей етіп көрсетіп бағады. Мұсылмандық адал, таза тіршілікті лайлауға барынша тырысып баққан, бөгде, бөтен пасық пиғылды адамдардың өңмендеп арамсызды арамдап жатқаны жасырын емес. Сол ағымдардың

алдауына, азғыруына көніп, солардың қармағына ілінген қаракөз бауырларымызды ойлағанда, өзекке өрт түскендей өкінішті сезесің. Қаншама қандас бауырларымыз діни сауатсыздықтың, рухани дүниенің таяздығы салдарынан осы теріс ағымдардың қолшоқпары бола, солардың жыртысын жыртып, сойылын соғып жүр.

Бейбітшілік пен татулықты арқау еткен мемлекеттің билігін күйретуге әсер ететін бүгінгі таңда бүкіл әлем бойынша жаһандық мәселе – терроризм. Қазіргі уақытта терроризм мен экстремизмнің таралу қаупі еліміздің қауіпсіздігіне айналып отыр. Терроризмге қарсы күрес бүгінде әрбір елдің ішкі және сыртқы саясатының басты бағыттарының біріне айналды. Мақсатымыз – оқырмандарға терроризм туралы терең түсінік беру, себептері мен зардаптарын ұғындыру, жастарға заңсыз, жат діни ұйымдар туралы мағлұмат беру. Қазіргі кезде Қазақстан аумағында қызметтері арнайы сот шешімдерімен заңсыз деп танылған діни ұйымдардың тізімі жасалған.

Е.Қапас, ауданның ішкі саясат бөлімінде тәжірибеден өтуші.

Мерейжас иесі



Алтынбеков Бекзат Қомарұлы – білім беру қызметінің құрметті қызметкері, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі, Білім меценаты, ұлттық «Алтын жүрек» сыйлығының иегері. Мемлекеттік «Шапағат» медалімен, «АМАНАТ» партиясының «Белсенді қызметі үшін», «Ұлт мақтанышы», «Жомарт жан», «Қоғам қайраткері» төсбелгілерінің иегері. «АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы және облыстық мәслихат депутаты.

ҒАЖАП АНАНЫҢ БАЛАСЫ

«Аллаға мың мәрте шүкір, алғысым шексіз. Мен сендей қайсар, қажырлы ананың баласы болғаным үшін, бақыттың бесігінде тербеліп өскенім үшін, жақсы мен жаманды, алыс пен жақынды санама берік құйғаның үшін, анашым, саған мың мәрте басымды иіп, алғыс айтамын. Бәрі көз алдымда, өткен күндер, өмір сәттері... Сен ғажап жаратылыс иесі Ана ретінде ұрпағыңа тек жақсылықты үйреттің. Кендіктің, адами қасиеттің ғажап үлгісін көрсеттің», – деп толғайды анасы Қайкен Әмірханқызы жайлы жастайынан бойына білім жиып, өмірге ой көзімен қарап, айналасынан үлгі-тағылым алған Білім меценаты, «Алтын жүрек» ұлттық сыйлығының иегері, жерлесіміз Бекзат Қомарұлы. Ерінен ерте қалса да, шаңырағының түтінін түзу түтетіп, Алланың берген он үш баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіріп, ағайын-туыстың, көрші-көлемнің тілін тауып, өмірде көрген қиындығына мұқалмай, елдің тілеуін тілеген абзал анасы ғой. Расында да, «еліне адал, халқына сыйлы бол» деген ана батасымен Бекзаты өсті-өнді, көктеп-көгерді, аянбай еңбек етті, анасына тәтті нанын жегізді.

елі мен жеріне пайдалы еңбек етуге ынталанды, білікті де білімді тұлға болуды ойластырды. Сөйтіп, ауылда туып, қарапайым отбасында өскен Бекзат Жезқазған қаласындағы білім-ғылым ошақтарынан сусындап, уақыт талабына сай кәсіптің қыр-сырын үйреніп, жан-жақты азамат болып қалыптасты. Жезқазғанда тележүргізуші, №13 орта мектеп директорының орынбасары, Талдықорған заң колледжі Жезқазған филиалының директоры, Қазақ қатынас жолдары университетінің Жезқазған аймағындағы оқыту орталығының директоры, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің құрылтайшысы болды. Қай жерде еңбек етсе де, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Қалалық, облыстық мәслихаттардың бірнеше шақырылымында депутат болып, ел аманатын орындау жолында күш-жігерін де аямады.

Біз Бекзатты жас кезінен білеміз, көз алдымызда өсті. Қазіргі Жидебай

Еліміз бен жерімізді көркейтіп, халықтың әл-ауқатын көтеріп, жас ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарын сіңіру, қазақ халқын әлемге білімді де дарынды ұлқындары арқылы таныстыруды мұрат тұтып, сол жолда аянбай еңбек етіп жүрген Бекзат Қомарұлының жеткен жетістігі ең әуелі отбасынан алған өнеге-тәрбиесінің

арқасы екені сөзсіз. Сан ауқымды, ірі жұмыстарды атқара жүріп Бекзат туған ауылын да жадынан бір шығарған емес. Ол өзі оқыған мектебінің озат оқушыларына өз ұстаздары Н.Құдайбергенов, Ж.Асановалардың атындағы шәкіртақы тағайындаса, өзі алғаш еңбек жолын бастаған «Арқа еңбеккері» газетінің жас тілшілеріне осы газеттің ардагер журналисттері Смағұл Ибраев, Төлұхан Бишаев, Мүбәрак Жармағанбетовтер атындағы көтерме сыйлықтар беріп отырды. Аудандық өнер мектебі мен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміндегі жас таланттарды да назардан тыс қалдырмады. Бекзаттың қашанда туған жерге деген құрметі ерекше. Оның ауылға келген әр сапары жастармен өнегелік сұхбат, ауыл ақсақалдарымен кеңес болып жалғасады.

Бекзаттың бекзада болмысынан әркез қазақылықтың, адамгершілік пен қарапайымдылықтың үлгісін көруге болады. Оның заман үрдісіне сай жанашыл бастамалары, тынымсыз ізденістері мен жастарға бағыт-бағдар берудегі ақыл-кеңестері елдің назарын аударып, абыройын асқақтата түсті. Әрине, Бекзаттың әлі де атқаратын ісі ұшан-теңіз. Жуырда ғана ердің жасы елуге толған Ақтоғайдың тұғыры биік азаматы, Ғажап Ананың ақ сүтін елге деген адал еңбегімен ақтаған Бекзат бауырымызға біз де әрдайым туған топырақтан нәр алып, шаршамай жүз жаса дегіміз келеді. Туған елің саған әркез тілекші!

Н.Ақбаева,  
зейнеткер-журналист,  
Қарағанды қаласы.

«Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйсінуге жарасын ол»

Ауылымыздың арда азаматы, әріптесіміз Алтынбеков Бекзат Қомарұлы ел ағасы атанып, мерейлі 50 жасқа толыпты. Барша қазақ елі «Жақсының жақсылығын айт, мерейі тасысын» демекші, Бекағаның өмір жолын баспасөз таласа жазса, әлеуметтік желі әлі де жаңғыра-жаңғыра жазып жатыр. Елу – ердің жасы, құтты болсын, Бекаға! Мен Бекзат Қомарұлымен қатар

ұсынып, Смағұл Ибраев, Төлұхан Бишаев, Қасым Орынбетов, Мүбәрак Жармағанбетов, Әниә Нүргелдина, Рымбек Мәмбетовтердің есімін тарихта қалдырудың жолын таба білгендігіңіз көрегендік емей немене. Уақытыңыздың тығыздығына қарамастан елге келе жатқанда: «Гүлнар, ауылдағы ардагерлеріміздің басын қосып қойшы,

отырып қалам тербемесем де, осы қарашанырақта қызмет жасаған әріптес ретінде құрметім жоғары. Сондықтан да, көрген жерде Бекаға деп, азаматтың бағасын көтеремін, сәлеміміз он. Уақыт өте келе, ағамыз әртүрлі қызметтің тізгінін ұстағанда бірге қызмет жасадық, әлі де болса бір саланың қазанында қайнап, еңбек жасап келеміз. Бекағаның мерейжасында мен де өзіндік қалам тербемей қала алмадым. Азаматты ардақтағым келді, мен қызмет жасайтын шаңырақта алғашқы еңбек



жолын бастап сұңқарға айналғандығын мақтанышпен жазғым келді. Бекзат Қомарұлында тізбелеп айта берсек, атақ та, даңқ та, марапат та, шүкір, жетерлік. Ол турасын алғанда атына заты сай, елі үшін туған Бекзада ғой.

Ғасырға жуық тарихы бар аудандық «Ақтоғай аяғу» газетінің ұжымы алғашқы тырнақалды туындыларыңызды жарыққа шығарып, қияға аттандырған азаматының ұлт мақтанышына айналғанын әріптестеріңіз мақтан тұтады. «Батаменен ер көгерер» демекші, қарияларымыздың баталары қабыл болып, әркез аман жүріңіз. Қазақта мәні зор «сұңқар жемін шашып жейді» деген мәтел бар. Сіз сол алтын қанатты, кең жүректі сұңқардай, әркез камқорлық қолын созып, Атымтай жомарт атанып, халық алдында жүрсіз. Барыңызбен бөлісіп, «Алтын жүрек» азамат атандыңыз. Сол жомарттықтың бір парасы «Ақтоғай аяғу» ұжымында алдыңғы буын аға-апаларымыздың тарихта есімін қалдыру мақсатында 2007 жылдан бастап екі жыл сайын дәстүрлі марапаттау өткізіп, сыйлық

дәм берейін, арқа-жарқа болып қалайық, мен де қала тіршілігінен шаршауымды елге, ағайынға барып басайын» деуіңіздің өзі бізге ерекше құрмет емес пе. Сіз сөйтіп, «Балам дейтін елі барда, жұртым дейтін ұлы бар» екендігіңізді танытып келесіз. Үлкен қияларға бастау болған, өмірге жол ашқан қайнар бұлақ қарашанырағыңыз сізді әркез мақтан тұтады, қадірлейді. Сөзімді түйіндей келе, «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйсінуге жарасын ол» – деген хәкім Абай сөзі, ауылымыздың арда азаматы Алтынбеков Бекзат сынды жандарға арналғандай сезіндім.

Құрметті Бекзат Қомарұлы!

Сізді өзіңіздің қарашанырақ «Ақтоғай аяғу» газетінің ардагерлерінің және газет ұжымы атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, еңбегіңізге табыс тілеймін.

Елеусова Гүлнар Метайқызы,  
Ақтоғай аудандық «Ақтоғай аяғу»  
газеті редакциясы ЖШС-нің  
Директор-Бас редакторы,  
«ҚР Ақпарат саласының үздігі».

ауылындағы Кеңес Одағының Батыры Қазыбек Нұржанов атындағы мектепті бітірген бетте аудандық «Арқа еңбеккері» газеті редакциясының табалдырығын аттап, еңбек жолын радио хабарын таратушы болып бастағаны есімізде. Редакциядағы тәлімгері журналист Зада апайынан жазу өнерін үйреніп жүріп, көп ізденіп еңбек етті. Алғашқы хабарлары сөтті шығып, қуантты. Редакцияда жүріп тамаша мінез-құлқын қалыптастырып, білімпаздығы мен тәртіптілігін көрсетті, келешегінен зор үміт күтетін азамат екенін танытты. Жыл өткен соң аудандық газет редакциясынан жолдама алып, Жезқазған облыстық радиосына қызметке тұрды. Сол жақта жүріп Жезқазған педагогикалық институтының тарих факультетінде оқыды. Студенттік жылдар Бекзат үшін өнер-ғылым жинап, өсу-даму кезені болды. Талмай ізденіп, алдына өмірлік мақсат қойды. Мамандығын толықтырып, Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, оқып алды. Тарих ғылымдарының кандидаты атанды. Аяулы анасының бағыт-бағдарымен

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына – 165 жыл

Мәңгілік проблемаларды алдыға қойып, жауабын іздеген ойшылар аз емес. Бірақ олардың арасында сол түпкі ақиқатты тапқан, бүкіл адамзатқа ортақ жолды көрсеткен ғұламалар санаулы ғана. Өйткені, Тәңірінің хикметін сезу, жаратылыс сырын танып білу Эверест шыңын бағындыру сияқты сирек құбылыс. «Хақиқатты дәл көруге жан көретін көз керек» (Шәкәрім). Сондықтан әлемге бас көзімен емес, көкірек көзімен үнілген сирек жандар ғана «әлем ойының алыбы», «кемеңгер ойшыл» немесе «данышпан философ» делінеді. Дала данасы Шәкәрім осы айтылған ой алыптары қатарынан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы 11 шілдеде Семей уезі, Шыңғыс болысы, Кеңбұлақ ауылында туған. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың Күнке



Жау сырттан емес, іштен шықты. Іштен шыққан жау жаман. Мен сонда да халықты жақтадым. Сен де адамды алаламай, төлкекке түскендерге көмектесіп, қамқор болуға билігінді жүргіз. Сосын өзіне қарсы шыққандарды да албаты қаралауға асықпа» – деп бата берген.

20 жасында Шәкәрім билікке белсене араласып, Шыңғыстау болысында сайлауға түсіп, айқын басымдықпен жеңіске жетеді. Болыс бола жүріп бас құрап, отау тігу оған да міндет болды. Өз тағдырын

Сорлы бұлбұл жазға асық боп...

Сорлы бұлбұл жазға асық боп,  
Нұрлы гүлге айтты зар.  
Көбелек те шамды алам деп,  
Отқа түсті боп құмар.

Жарға ғашық болғаныма  
Танданатын түк те жоқ.  
Жер жаралмай тұрғанында  
Менде Асықтың нұры бар.

Жан демеу кіргенінде  
Бірге кірген осы дерт.  
Жан беретін дәрігерің де,  
Ем таба алмай қор болар.

Менде бар да, тіпті сізде,  
Жоқ емес бұл қасиет.  
Оны өшіріп бәріңіз де,  
Дедіңіздер жауды жар.

Алдағанға кеттін азып,  
Әпсүн оқып үйреніп,  
Берді сайтан дұға жазып,  
Соны қылдың бойтұмар.

Неге жандың, сұм жүрегім,  
Өзгелердің дерті үшін.  
Жарды сүй деп, бар тілегің,  
Мен сияқты басқалар.

Өзге асықтар қызғанады,  
Басқалардан өз жарын.  
Қызғаныштан кім танады,  
Бұл сөзіңе кім нанар?

Мен жомартпын жар нұрына,  
Алса екен деп барша жан.  
Жетсе көзің бұл сырыма,  
Ой өрісін қылма тар.

Дүние өмірін мен сынадым,  
Ешбірінде опа жоқ.  
Қош, өмірім, қош, құмарым,  
Қош, жәдігөй, нәпсі қар!

Алты әңгіме

Алты әңгіме оқуға жайың бар ма?  
Ұсындым жана өспірім ғалымдарға.  
Әншейін бос сөз демей гибрат ал,  
Ой жібер ішкі сырын пайымдарға.

Алдыңғы біз ел жедік обал демей,  
Зарлады талай момың, талай кедей.  
Нәпсі, мақтанға алданба,  
қарактарым,  
Үміті кім бұл елдің сендер емей.

Орыс, қазақ – адамның бәрі бірдей,  
Ешкімді алалама оны білмей.  
Кем-кетікке болысу – ар міндеті,  
Халқыңа пайда тигіз босқа жүрмей.

Жаныңды аяй көрме жардамынан  
Сүйткенде арың шығар арманынан.  
Әйтпесе бұл өмірін артық емес,  
Төнінді топырақ басып қалғанынан.



Мақаланы әзірлеген Думан ҚАБЫЛ.  
(Ақпараттар Stan.kz сайтынан алынды).

Дала данасы – Шәкәрім

деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың туған ағасы. Абаймен әкесі бір, шешесі бөлек. Шәкәрім сонда Абайға немере іні болып келеді. Оның өскен ортасы үлкен әулет. Ол әулет бір ғана Шыңғыстау төңірегі емес, одан да тысқары бүкіл қазақ қоғамының, қазақ қауымдастығына кенінен танылған үлкен әулет болды. Қазақ арасында Шәкәрім есімін білмейтін адам жоқ. Шәкәрім 7 жасқа толғанда әкесі өмірден өтеді. Сонда атасы Құнанбай жетім қалған немересін өз қамқорлығына алып, тәрбиелейді. Атасы немересін жетімсіреткісі келмегендіктен, Шәкәрімді көп әурелемеді. Бетінен қақпай, еркелетіп өсірді. Шәкәрім сондай-ақ, ағасы Абайдың отбасында тәрбие алады. Хәкім ақынның өнегелі тәрбиесімен бала Шәкәрім көп рухани нәр алады. Абайдың үйі, ортасы білімге, өнерге, жаналыққа толы болады. Осы зиялы орта Шәкәрімнің таным түйсігін кеңейтеді.

Абай немере інісін ерекше еркелетіп, сауатын ашып, оқуға баулып, бойындағы барлық мейірімін аямай, ақылды да арлы бауырының азамат болып қалыптасуына жағдай жасайды. Кеш болса інісіне «Мың бір түн» ертегісін айтып, Шәкәрімді алғаш Шығыстың поэзиясымен таныстырады. Ағасының айтқан Әли баба, Алладин, теңізші Симбат туралы хикаяттарын бар зейінімен тындап ұйқыға кететін Шәкәрім тағылымы мол танымдық дүниенің барлығын түсінде көріп, түрлі сезімге беріледі.

Шәкәрімнің зерек болғаны соншама ол ағасының айтқанын терең түсініп, тез ұғып алады. Егер Абайдың үйін кішігірім кітапхана десек, кейбір кітаптар әлі күнге дейін сақталған. Олардың ішінде үнді, парсы, араб авторларын оңай табасыз. Мінеки, дәл осы кітаптарды Шәкәрім бала кезінен жастана оқып, олардан алған тағылымдарды өмірінің соңына дейін серік еткен.

Шәкәрім табиғатынан талантты. Әулетіп өн салып, аспаптарда ойнап, 14 жасында бірнеше тілді жетік меңгеріп, әрі музыка жаза бастайды. Ал қолөнер шеберлігі оған нағашы жағынан дарыған. Ол ағаштан түйін түйіп, матадан киім тігіп, бүлініп қалған кез-келген дүниені жөндейтін қабілет иесі. Шәкәрім ағаштан мандолин мен скрипка жасаған. Киім тігіп, оған кестелеп ою-өрнек те салған. Тіпті, бірде түлкінің тісінен жараланған бүркіттің тырнағына арнап болаттан протез жасаған екен.

Шәкәрім зеректігімен, өнер-білімге құштарлығынан өз ортасына тез танылды.

Жерлестері Абай ауылында жас данышпан өсіп келе жатыр деп, оны басқа балаларға үлгі еткен. Ақынның ақыл-көнесіне сол кездері үлкендер мен ақсақалдар өзі келісіп, айтқандарынан тоқтаған.

1905 жылы Шәкәрім қасиетті Меккеге қажылыққа барады. Бұл сапарға оны діндарлығы жетелемеді, Абайдың өсиеті бойынша бала кезіндегі арманын орындау мақсатында жолға шығады. Сөйтіп сапар кезінде әлемге әйгілі кітапханаларға баруды мұрат етеді. Олардың арасында Стамбұл мен Париждегі кітапханалар бар. Абайдың тапсырмасы бойынша, өзінің ойы бойынша тек қажылыққа барып, Қажы атанып қайту емес, Стамбұл, Мекке, Мәдине, Мысыр кітапханаларына барып, ғылыми орталықтарда жұмыс жасап қайту негізгі мақсаты екенін өзі жазып кеткен. Бара жатқанда да 13 күн, қайтарда да 13 күн Стамбұл кітапханасына барып жұмыс жасап, Батыс пен Шығыстың ірі ғұламаларымен кездесіп, ой бөліскен.

Шәкәрім Стамбұл мен Париж кітапханаларынан туған халқының шығу тегіне қатысты тарихи құндылықтар табады. Кейін осы құндылыққа сүйеніп отырып, «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресін» жазды. Осылайша, шежіре жазу, зерттеу арқылы ғалым дәрежесіне жетті. Сонымен қатар, Шәкәрімді философ, әлемдік дәрежедегі ойшыл ретінде қабылдауымыз керек. Ол алақандай Шыңғыстаудың сайының ішінде жатып, әлемдік проблемаларды ойластырып, соны шешудің жолдарын іздестірген үлкен философ.

Шәкәрім қажы өмір ағысында болып жатқан дүниедегі өзгерістердің бәрін тереңнен барлап, өз өлеңдеріне негіз еткен. Әсіресе, Шәкәрімнің әлқуметтік-саяси құбылыстарға қатысты ой-пікірлері, тұжырымдары немесе өзі тікелей араласқан сол санаттағы іс-шаралар, қызметтері жөнінде «Ұмытылған дастан» деген керемет шығармасы бар. Соның өзін алып қарасақ тарихи дерек.

Құнанбай немересін әрқашан мақтан тұтатын. Шәкәрім 19 жасқа толғанда атасы оны өз жұмыстарына жақындата бастайды. Отбасы дәстүрін жалғастырғанын қалаған Құнанбай оны басқарушылық қызметтен көргісі келді. Шәкәрімнің ағартушылық қабілеті халыққа пайдасын тигізгенін қалаған атасы: «Ру басы бола жүріп, қара халыққа көмектескенім үшін таяқ жедім. Маған келгендердің бәрі жағама жармасты. Ру арасы алағандай бүлінді. Маған кімдер қарсы келгенін білесіз бе? Өзімнің ет жақын туған-туыстарым.

мәуенімен жарастырған Шәкәрімнің 1878 жылы тұңғышы дүниеге келгенде өмірге деген көзқарасы бұрынғыдан бетер өзгереді.

Шәкәрім байлар байып, кедейлер керісінше тақыр кедей болу керек дейтін ортағасырлық феодалдар мен патриархтардың тәртібіне қарсы шығады. Қара халықтың сауат ашып, білім алып, басқалармен тең болуын қалайды. Ол өз шығармаларында қазақ қоғамындағы қорқау, айлакер, қатігез арамзалардың ел ішіне іріткі салып, іріту арқылы билікке келуді көксегендердің көкейіндегісін қатты сынады. Оларды пайдакүнем, дүниеқоңыз дейді. Шәкәрім осылайша, барлық бұқараға бірдей көмектесіп, жүз шайысқан ру аралық қатынастарды тәртіпке келтіріп, қоғамның түрлі қатпарларында қалыптасқан келенсіздікті жойып, қазақ сахарасында бейбітшілік пен береке орнау үшін қолынан келгеннің бәрін жасайды.

Шәкәрім лирикалық тақырыпқа да көп қалам тартқан ақын. Оның «Еңлік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр» шығармалары қазақ әдебиетінің тарихында шоқтығы биік жауһар жыр саналады. Бұл классикалық поэмаға қазақтардың арасындағы асырлар бойғы ру аралық талас-тартыстың өткір проблемалары мен солардың кесірінен төлкекке түскен тағдырлардың махаббаты өзек болды.

Шәкәрім және Абай есімі қазақ әдебиетіне сіңірген еңбектерімен ерекше аталатын егіз ұғым. Қос алыптың Жидебайдағы кесенелерінің іргелес жатуының өзінен ерекше сыры бар. Себебі, Шәкәрім Абайдың ізбасар шәкірті, әрі үзентілес сенімді серігі. Бір әулеттен шыққан қос ұлдың екеуі де дінге берік, рухани бай талантты туған халқының қамын күйттеген өмірлік ұстанымдары мен шығармашылық көзқарастары бір-біріне ұқсас жандар. Бірақ, тағдырлары бір-біріне мүлдем ұқсамайтын тарам-тарам.

Революцияға дейін де, кейін де Абайдың шығармалары мыңдаған тиражбен таралып, ел-жұртына танылып, халық құрметіне бөленіп жатса, Шәкәрім туралы олай айта алмаймыз. Қанша қуғын көріп, зұлымдықпен қаза тапса да, Шәкәрімнің есімі қазақ әдебиетінен қасақана өшіріліп келді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы аумалы-төкпелі кезеңде күрделі ғұмыр кешті. 19-ғасырдың ортасында дүниеге келіп, 20-ғасырда 1930 жылы дүниеден озды. Алайда, тек 1962 жылы рухы жай тапты.

## Қаржылық бақылаудың назарында

Жыл сайын Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті нақты уақыт режимінде жылдық қаржылық есептілік бекітілгенге дейін қаржылық есептілікке аудит жүргізеді.

Бүгінгі таңда аудиттің бұл түрі қоғамның мемлекетке деген сенімін қалыптастырудың алғышарттарын жасайтын қаржылық бақылау құралдарының бірі болып табылады.

Аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша қаржы министрлігі сенімді қаржылық есептілікті алады, яғни бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық жағдайы туралы толық ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда облыстық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген деректердің сенімділігін қамтамасыз ету бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды.

Мәселен, нақты уақыт режимінде 2022 жылғы тамыздан бастап 2023 жылғы ақпанға дейін бюджеттік бағдарламалардың 6 әкімшісі және олардың ведомстволық бағынысты мекемелері ("Шет ауданының ТКШ бөлімі" ММ, "Шет ауданының Ақсу-Аюлы әкімінің аппараты" ММ, "Шет ауданының құрылыс бөлімі" ММ, "Шет ауданының құрылыс бөлімі" ММ, Қарағанды облысының дін істері басқармасы", Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы "ММ, "Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасы" ММ) бойынша қаржылық есептілікке аудит жүргізілді.

Аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар әкімшілері активтерінің жалпы сомасы 6,1 млрд. теңгені құрады, бұл облыстық бюджет балансының валютасының 1,2%-н құрайды.

Бұдан басқа, ведомстволық бағынысты мекемелер бойынша қаржы тексерулер жүргізілді, онда баланс валютасы 35,2 млн. теңгені құрайды.

Аудит барысында 2,0 млрд. теңге сомасына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің

бұзылуы анықталды, оның ішінде 1,2 млрд. теңге сомасына қаржылық бұзушылықтар анықталды, бұл 809,1 млн. теңге сомасына жалпы бұзушылықтар мен рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың 60%-н құрайды. Анықталған бұзушылықтардың 1,8 млн. теңгесі өтелуге және 1,2 млрд. теңгесі қалпына келтіруге жатады.

Аудит қорытындысы бойынша қабылданған шаралармен бюджет кірісіне 1,8 млн. теңге өтелді, есепке алу бойынша 1,2 млрд. теңге қалпына келтірілді.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер активтерді көрсетпеу, дұрыс жіктемеу, бухгалтерлік есепте операцияларды уақтылы көрсетпеу, дебиторлық берешекті қайтару бойынша шаралар қолданбау салдарынан жіберілді.

Бұл жағдай әкімшілердің басқару есебін толық жүргізбейтіндігін көрсетеді, бұл мекемелер мен ұйымдардың қаржылық-экономикалық жағдайын талдау, қолда бар ресурстарды сапалы бөлуді жоспарлау болмаған кезде көрінеді. Сондай-ақ, шығыстарды онтайландыру және тиімсіз шығындарға жол бермеу, қаржылық көрсеткіштерді жақсарту тиісті дәрежеде жүзеге асырылмады.

Мемлекеттік органдар жүргізетін активтерді түгелдей негізінен формальды болып табылады, өйткені аудит барысында белгіленген кейбір ауытқуларды сапалы түгелдей кезінде анықтауға және алдын алуға болады.

Қаржылық тәртіптің төмен деңгейінің себептерінің бірі – әкімшілердің дұрыс құрылмаған ішкі бақылау жүйесі.

Аудит барысында жылдық қаржылық есептілік бекітілгенге дейін 2,0 млрд. теңге сомасына ауытқулар жойылды және сәйкестікке келтірілді.

Бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шаралардың уақтылы 6 әкімші бойынша қаржылық есептілікте елулі бұрмаланулардың алдын алуға, жеке және лауазымды тұлғаларға әкімшілік жүктемні төмендетуге ықпал етті.

«Сарышаған кенті әкімінің аппараты» ММ.

## Под надзором финансового контроля

Ежегодно Департаментом внутреннего государственного аудита по Карагандинской области в режиме реального времени проводится аудит финансовой отчетности до утверждения годовой финансовой отчетности.

Сегодня данный тип аудита является одним из инструментов финансового контроля, создающих предпосылки формирования доверия общества государству.

Именно по результатам аудиторской проверки Министерство финансов получит достоверную финансовую отчетность, а значит, бюджет обеспечен полной информацией о финансовом состоянии администраторов бюджетных программ.

На сегодняшний день проделана значительная работа по обеспечению надежности данных, указанных в консолидированной финансовой отчетности областного бюджета.

Так, в режиме реального времени начиная с августа 2022 года по февраль 2023 года проведен аудит финансовой отчетности по 6-ти администраторам бюджетных программ и их подведомственных учреждений (ГУ «Отдел ЖКХ Шетского района», ГУ «Аппарат акима Аксу-Аюлы Шетского района», ГУ «Отдел строительства Шетского района», ГУ «Управление по делам религий Карагандинской области», ГУ «Управление по вопросам молодежной политики Карагандинской области», ГУ «Управление по развитию языков Карагандинской области»).

Общая сумма активов Администраторов бюджетных программ, охваченных аудитом составила 6,1 млрд. теңге, что составляет 1,2% валюты баланса областного бюджета.

Кроме этого, проведены встречные проверки по подведомственным учреждениям, которая валюта баланса составляет 35,2 млн. теңге.

В ходе аудита, выявлены нарушения порядка ведения бухгалтерского учета и составления финансовой отчетности на сумму 2,0 млрд. теңге, из них финансовые нарушения на сумму 1,2 млрд. теңге, что составляет 60% от общей суммы нарушений и нарушения процедурного характера на сумму 809,1 млн. теңге. Из выявленных нарушений подлежат возмещению 1,8 млн.

теңге и восстановлению 1,2 млрд. теңге.

По итогам аудита принятыми мерами возмещено в доход бюджета 1,8 млн. теңге, восстановлены по учету 1,2 млрд. теңге.

Вышеуказанные недостатки допущены вследствие не отражения, не верной классификации активов, не своевременного отражения операций в бухгалтерском учете, не принятия мер по возврату дебиторской задолженности.

Данные обстоятельства показывают, что администраторами не в полной мере ведется управленческий учет, что выражается в отсутствии анализа финансово-экономического положения учреждений и организаций, качественного планирования распределения имеющихся ресурсов. Также не в должной мере осуществляется оптимизация расходов и недопущение неэффективных затрат, улучшение финансовых показателей.

Инвентаризация активов, проводимая государственными органами, в основном носит формальный характер, так как установленные в ходе аудита некоторые отклонения можно было выявить и предотвратить при качественной инвентаризации.

Одной из причин низкого уровня финансовой дисциплины является неправильно выстроенная система внутреннего контроля администраторов. Внутренние процессы и руководство финансово-хозяйственной деятельности не способствуют выявлению, предупреждению и предотвращению недостатков, которые впоследствии приводят к совершению нарушений законодательства Республики Казахстан.

В ходе аудита до утверждения годовой финансовой отчетности были устранены и приведены в соответствие отклонения на сумму 2,0 млрд. теңге.

Своевременность принятых мер по устранению нарушений способствовало предотвращению существенных искажений в финансовой отчетности по 6-ти администраторам и снижению административной нагрузки на физических и должностных лиц.

ГУ «Аппарат акима поселка Сарышаған».

## Зайырлы мемлекет және дін

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – делінген. Мемлекетіміздің басты қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болғандықтан, азаматтарымыздың өзі қалаған дінге сенуі конституциялық құқықтарының қатарынан табылады. Ата Заңымызға сәйкес азаматтарымызды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты, сондай-ақ басқа да жағдаяттар бойынша кемсітуге тыйым салынған. Ата Заңымыздағы осы айтылған қағидалар мемлекетіміздің зайырлы сипатта екендігінің басты нышандары.

Зайырлы мемлекет ұғымының түп-тамыры діни құқық тұрғысынан адамсүйгіштік құқығын басшылыққа алуға жатыр. Адам және адамның өмірінің құндылығы ғасырлар тереңнен зайырлы және құқықтық мемлекет құруға деген талпынысты туындатты. Зайырлы

мемлекет діни наным-сенімді адам болмысына тән қажеттіліктердің бірі ретінде қарастырып, құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте діни құқық емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік заңдылықтар шеңберінде қарастырылады. Мемлекеттің зайырлы немесе төкратиялық үлгілерінің қайсысы дұрыс екендігі жайлы пікірталас туындағанда кейбір азаматтар зайырлы мемлекетте адам құқықтары басты орынға қойылатындығына көңіл аудармай жатады. Құқықтық мемлекет құрудың маңыздылығы еліміздің барлық азаматтарының діни сеніміне қарамастан заң алдындағы теңдігінен көрінеді. Оған азаматтарымыздың өз діни нанымдары себебінен Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығының жоқтығы дәлел. Зайырлы мемлекетте азаматтық құқық пен заң алдындағы теңдік маңызға ие. Өйткені, бүгінгі таңда елімізде теріс пиғылды діни топтардың (әсіресе, ислами теріс пиғылды топтар) төкратиялық немесе клерикалды мемлекет құруға деген талпынысы зайырлылықпен тығыз байланыстағы құқықтық мәселелеріне, адамсүйгіштікке нұқсан келтіруі мүмкін. Біз зайырлылықтың күрделі ұғым екенін ескере

отырып, оны бірнеше аспектіде қарастыруға болатынын алға тартамыз. Бірінші дүниетанымдық тұрғыдан, зайырлылық діни дүниетанымнан өзгеше принциптермен ұстанымдарға негізделетін көзқарастар жүйесі. Бұл тұрғыда зайырлы дүниетанымның қалыптасуында ғылыми білімдер жүйесі маңызды рөл атқаруы мүмкін. Алайда, ғылыми таным зайырлы дүниетанымның маңызды элементі болғанымен, оның мазмұнын толық қамтымайды. Екіншіден, зайырлылық ерекше құндылықтар жүйесі ретінде де қарастырылуы мүмкін. Зайырлылық мәдени құндылықты феномен ретінде ойлау мәнері мен машықтарынан бастап киім үлгілеріне дейінгі мәдени феномендерді қамтиды. Үшінші саяси-құқықтық тұрғыдан, зайырлылық мемлекеттік басқару мен әлеуметтік қатынастарды реттеудің діни құқық нормаларынан ажыратылғанын білдіреді.

Мемлекеттің зайырлы сипаты оның діннен ажыратылғанымен ғана емес, сонымен қатар атеистік дүниетанымның және басқа да бір дүниетанымның басымдылығын мойындамайтынымен де сипатталады.

Ш.Нурланова,  
Жастар ресурстық орталығының маманы.

**Жемқорлық – қоғам дерті**

**Жемқорлықтың алдын алу қажет**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – мемлекет пен қоғам үшін ең өткір мәселелердің бірі. Бүгінде сыбайлас жемқорлықтың ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер төндіретіндей дәрежеге жетіп отырғаны да жасырын емес. Қазақстан мақсатты түрде кезең-кезеңімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен жүріп келеді.

2023 жылғы 3 қаңтарда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Мемлекеттің қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты превенцияға баса мән береді. Қылмыстық заңнаманы қатайтуымен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарымен күресуге дейін жеткізбестен, оның алдын алу және ескерту шараларына көбірек басымдық берілуде.

Қоғамның оң имиджін сақтау мақсатында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуды болдырмау, анықтау және азайту, мүдделер қақтығысын, әдепсіз мінез-құлықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзге де бұзушылықтарын жою үшін «Жедел желі» жүйесін іске қосып, өзектендірді. Түптеп келгенде, сыбайлас жемқорлық – бұл ең алдымен адамның моральдық-этикалық құлдырауы, азғындауы. Ал, оның алдын алудың түйінді бағыттарының бірі – мемлекеттік қызметшінің этикасын, оның бойында адалдық, тазалық, әділеттілік қағидаттарын негізге алатын парасаттылықты қалыптастыру екені анық.

**А.Қапсарова,**  
аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы – бас қазынашысы.

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

**Ақтоғай ауданы тұрғындарының назарына!**

«Ақтоғай-Су» ЖШС Ақтоғай, Сәуле, Қызыларай, Шабанбай би, Ақтас, Нүркен, Сарытерек, Нарманбет, Абай, Қошқар, Айыртас ауылдарының су мұнаралары мен су таратушы желілеріне жылдық жоспарға сәйкес 2023 жылдың сәуір айында жүргізілетін дезинфекциялау жұмыстарының уақыты төмендегі кестеде көрсетілген.

№	Елді мекен атауы	Уақыты
1	Ақтоғай ауылы	28.04.2023 ж. сағат 14:00-ден бастап
2	Абай ауылы	25.04.2023 ж. сағат 10:00-ден бастап
3	Айыртас ауылы	24.04.2023 ж. сағат 11:00-ден бастап
4	Ақтас ауылы	27.04.2023 ж. сағат 16:00-ден бастап
5	Қызыларай ауылы	27.04.2023 ж. сағат 12:00-ден бастап
6	Қошқар ауылы	24.04.2023 ж. сағат 15:00-ден бастап
7	Нарманбет ауылы	25.04.2023 ж. сағат 15:00-ден бастап
8	Нүркен ауылы	26.04.2023 ж. сағат 10:00-ден бастап
9	Сәуле ауылы	28.04.2023 ж. сағат 10:00-ден бастап
10	Сарытерек ауылы	26.04.2023 ж. сағат 15:00-ден бастап
11	Шабанбай би ауылы	27.04.2023 ж. сағат 09:00-ден бастап

**Ескертпе:** Дезинфекциялау жұмыстары ауыз суды 6 сағатқа тоқтата отырып жүргізіледі. Хлорланған су құбырға жіберілген соң, екі тәулік ішуге және тамақ әзірлеуге болмайды.  
**«Ақтоғай-Су» ЖШС.**

**Сенім телефоны**

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексі, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

**Сенім телефоны**

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексі, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

**Еске алу**



Сәуле ауылының тұрғыны **Жақыпжанқызы Бибісара** анамыздың өмірден өткеніне 40 күн толды. Аяулы да ардақты анамыз немерелерінің сүйікті әжесі, еліне елүлі, халқына қалаулы адам еді. Жан-дүниесі мейірім мен ізгілікке толы, қарашанырағымыздың берекесі мен ырысы болған анамыз төрінен қонақ

арылмаған, туысын бауырындай көрген кеңпейіл, ақжарқын жан еді. Сағынып тұратын аналық мейірімін қалай ғана ұмытамыз. Жан анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Көзімізден ғайып болдың бір-ақ күн, Бұл жалғанда жүрер мәңгі бірақ, кім. Періштелер жол көрсетті пейішке, Асыл ана, төрінде бол жұмақтың. **2023 жылдың 23-сәуірінде сағат 13.00-де анамыздың қырық күндік асы «Ақсоран» мешітінде беріледі. Анамыздың көзін көрген туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, ауылдастарды асқа шақырамыз. Хабарлаушы: балалары мен немерелері.**

**Еске алу**



Адам фәниден бақиға өткенімен, ұрпағының жүрегіне, ағайын-туысы мен оны білетіндердің көңілінде мәңгі қала бермек. Сондай жандардың бірі – руы Қожағұл, одан Тілеулі ұрпағы **Молдин Зияда** (ел аузында **Егіз** атанған) **Жармағанбетұлы** 1944

жылы Ақтоғай ауданының қазіргі Сарытерек ауылдық округінде дүниеге келген. Саналы ғұмырында артына өшпес із қалдырған аяулы жар, қамқор әке, шаңырақтың тірегі, әулеттің сыйлысы да ақылшысы бола білген еді.

Еңбек жолын 1962 жылы МТМ-да моторист-слесарь болып бастаған. 1972 жылы Целиноград автомобиль транспорты техникумын бітіріп, аудандық ДОСААФ-та оқытушы, 1973-77 жылдары Шет аудандық КТУ оқытушысы, 1978-82 жылдары аудандық мұнай базасы мекемесінің директоры, 1983-97 жылдар аралығында аудандық автомобиль жолдары-жолаушылар тасымалдау паркінің директоры. 2008 жылдан өмірінің соңына дейін аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы лауазымында қызмет атқарған.

I, II дәрежелі «Еңбек даңқы» медальдарымен, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Әкеміздің өткен өмір жолы ұрпағына үлгі-өнеге. Өмірі аңыз. Замандастары «Суға салсаң батпайтын, отқа салсаң жанбайтын, атсаң оқ өпейтін – Егіз» дейді екен. «Біз кетеміз, бұл өмірге кету үшін келгенбіз» демекші, ер мінезді, қайсар да әділдіктің жақтаушысы бола білген асқар таудай әкемізді бұл дүниеде мәңгі жүретіндей

көруші едік, олай емес екен, қамшының сабындай ғана қайран тірлік бір күні мәңгі тоқтайтынына көзіміз енді жеткендей.

«Жас та өтер, бірте-бірте көрі де өтер, Баянсыз бұл жалғанның бәрі бекер. Жаһанда мәңгі жасар жан жоқ, сірә, Кетеміз, кетті, келер, тағы кетер...».

Аяулы анамыз Жаңагүлмен көңілі жарасып, шаңырақ көтеріп, өмірге келген үш баласын бағып-қағып тәрбиелеп, қанаттандырып, алтын ұясынан ұшырған абзал жан, балаларынан немере сүйген бақытты ата 69 жасқа қараған шағында келместін кемесіне отырып, бақилыққа кете барды.


2013 жылдың 27-ші сәуірі – бұл күн біз үшін орны бөлек, көзден кетсе де көңілімізде мәңгі сақталатын қамқор әкемізді сағынышқа толы еске алу күні болып қала берді. Қанша уақыт өтсе де, аласармайтын, жыл өткен сайын биіктей беретін жан әкеміз дүниеден өтсе де, рухы мәңгі бізбен жасай бермек.

Жан әке, жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта, мәңгілік мекеніңіз жер бесігіңіз жайлы, Алланың рахметі, Пайғамбардың шапағаты болсын. Иманыңыз жолдасыңыз болып, нұрыңыз пейіште шалқысын дей келіп, әруағыңызға дұға бағыштаймыз.

**Сағынышпен еске алушылар: жұбайы – Жаңагүл, балалары, күйеубала-келіндері – Тілеукеш-Серік, Танат-Гүлім, Саят-Жанар және немере-шөберелері.**

Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, дос-жаран және әкемізді білетін көзкөрген барлық жамағат, сіздерді 30-шы сәуір күні сағат 13.00-де Ақтоғай ауданының орталығындағы «Ақсоран» мешітінде **МОЛДИН ЗИЯДА (Егіз) ЖАРМАҒАНБЕТҰЛЫНЫҢ** фәни дүниеден бақиға озғанына 10 жыл толуына арналған еске алу асына шақырамыз.

**Еске алу**



Асыл жар, қамқор әке, ардақты ағамыз **Сейітепов Мұрат Қауанұлы** егерде тірі болғанда, 12 сәуір күні асқаралы 60 жасқа толар еді. Тағдырдың ісіне шара бар ма?! Әкеміздің арамьздан кеткеніне екі жылдың жүзі болса да, әлі өзімізге келе алмай, әкетайымыздың өмірде жоқтығына сене алмай, талай танды атырып, күндерді батырып келеміз...

Алла алдынан жарылқасын дейміз. Әкешіміз әркез жүрегiмiздiң төрінде, сағынышпен еске алудан басқа амалымыз жоқ. Жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта болсын, Әкетай!

Әкінбе, әке, отың бар сөнбейтұғың, Ол мәңгілік жанады көрмей тыным. Ұрпағың бар ел мен ер намысын, Тірі тұрса қолынан бермейтұғын. Жатқан жерің жәннаттың төрі болсын, Жан әке, топырағың торқа болсын. Иманыңыз мәңгілікке жолдас болып, Әруағыңыз ұрпағыңды қолдап жүрсін. **Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.**

## Құттықтаймыз!



Аяулы да ардақты, жаны жайсаң, мінезі бар салмақты, құрметті де қадірлі, ұжымына жаны ізгі **Қаппарова Әлия Садыққызы** асқаралы 60 жасқа толып отыр. Сіз өзініздің барлық саналы ғұмырыңызды ұзақ жылдан бері қаржыгерлік саласына арнадыңыз. Осы уақытқа дейін еңбегіңіздің нәтижесін көріп, өріптестер арасында қажырлы еңбегіңізбен үлгі

бола білдіңіз. Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып, биік белестерден аса беріңіз!

Алпыс деген – оң мен түстің арасы,  
«Алпыс – талтүс» дейді халық данасы.  
Қартаймаңыз, мәңгі жасап жүре бер,  
Аман болыңыз, бір әулеттің анасы!  
Болашақтан күтер әркім жақсы үміт,  
Келе берсін сізге ылғи бақ күліп.  
Шаттықпен көріп таңның арайын,  
Жаратушы төксін игі жақсылық.  
Құтты болсын қуанышты күніңіз,  
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.  
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,  
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.



**Ақ тілекпен: Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы.**

## Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі жеңгеміз **Бақтыгүл Ескеддіқызы!**

Сізді көгілдір көктеммен бірге келген 60 жастың асқарына шығып отырған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге темірдей мықты денсаулық, мұқалмас ғұмыр, баянды бақыт тілейміз.

Бала-шағаларыңыздың ортасында туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ыстық ықыласына бөленіп, ұзақ ғұмыр сүре беруіңізге тілектеспіз. Немерелеріңіздің ардақты әжесі болып, еңбегіңізбен ұжымыңыздың құрметіне бөленіп, өмірдің базарында бәйтеректей жайқалып, шаңырағыңыз шаттыққа тола берсін. Отбасыңыздың қорғаны, ағамыз Қайрекенмен бірге көркейіп, шөбере сүюге Алла нәсіп етсін!

Жұлдыз жанып, пейіліңізге таң күліп,  
Келіп қапсыз 60 жасқа сән құрып.  
Қалпыңыздан айныманыз шат көңіл,  
Басыңыздан бақ кетпесін мәңгілік.

**Игі тілекпен: Мұрат-Бағдат, Иса-Ләззат.**

## Құттықтаймыз!



Ұлағатты ұстаз, асыл жар, ардақты әже, аяулы ана **Гаухар Қуандыкқызын** 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға береке, шаңырағыңызға шаттық тілейміз.

Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,

Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.  
Бала-шаға қызығына кеңеліп,  
Әрқашан да биік төрде болыңыз.  
**Ақ тілекпен: Үкеевтер отбасы.**

## Табиғат – тал бесік

# Табиғатты өрттен қорғау – басты міндетіміз

Орман – жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішінде өсімдіктер жамылғысының басты бір типі. Құрамында бір-біріне жақын өскен ағаштардың бірнеше түрлері қатар өсіп, аймаққа әр беріп тұратын табиғи кешен. Адамдарға емдік әсер ететін, күші мен қайратын қалпына келтіретін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің өртүрлілігінен эстетикалық ләззат алуға мүмкіндік беретін денсаулық қоймасы. Жасыл желек арасында, қаланың қапырығы мен шаңы, мазаны алар шуы жоқ таза ауада кеудені керіп демалуға болады. Гүл мен шөптің жұпар иісін жұтып, құстардың сайраған дауысын тыңдап, табиғаттың сұлулығына тамсанамыз. Ал, осы кереметтің бөрі бір сәтте өртпен аяусыз жойылуы мүмкін.

Орман өрті – абайсызда жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағайдан, ауа температурасының өте жоғары болуынан пайда болады. Сондай-ақ, кейбір азаматтардың табиғат аясындағы демалыс кезінде жаққан бақылаусыз қалған от алауларының толық өшірілмеуі, сөнбеген темекі қалдықтары, құрғақ шөптің манайында қалған шыны бөтелкелердің әсерінен де тұтанады. Көбінесе құрғақшылық кезеңдерде, ерте көктем мен күз мезгілінің аралығында пайда болатын апат.

Орманшылар үшін табиғаттың тазалығы аса маңызды. Жаз айларында орман-тоғайда өрттің шығуы жиі кездеседі. Тілсіз жаудың алдын алу мақсатында орманшылық бойынша өрт қауіпсіздігі маусымын өткізу жоспары белгіленді. Ақтоғай ауданында орманды өрттен қорғау бойынша тәжірибелік оқулар жиі өтіп тұрады. Жалпы, орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы мекемесінің Қызылорай орманшылығында 25116 гектар орман қоры бекітілген. Осы ретте, аудандағы әрбір орманшы өрт сөндіруге арналған құралдар әзірлеп қойды. Атқарылған жұмыстардың

нәтижесінде Қызылорай орман шаруашылығында орманды күтіп-баптау жұмыстарының сапасы артып, тұқымбақтар іске қосылды. Ауыл тұрғындарының, қаладан келген қонақтардың далада заңсыз ағаш кесу, орман заңдылығын бұзу әрекеттері азайды. Мысалы, қоқыстарды қадағалаусыз қалдыру, демалушылар, аң аулаушылар мен малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртінің шығуына себеп болатын жағдайларға ескерту жасалды. Өрт қауіпсіздігі



ережелерін, орман заңдылықтарын сақтау, жануарлар әлемін қорғау жөніндегі тақырыптарға бильбордтардан жасалған үгіт белгілері орнатылды. Ормандар маңайына өрт тоқтату тұрақтары жасалды. Жасыратыны жоқ, орман өрттерінің көбісі орманда демалғысы келетін адамдардың әрекетінен және шөп шабу науқаны кезіндегі техника иелерінің жауапсыздығынан орын алады. Оның үстіне орман-тоғайларда өткен жылғы шөптер қурап, ауа райы ысып, өрт қауіптілігі орын алып жатады. Әсіресе, жеке шаруа қожалықтары көктемгі егіндіктің орнын дайындап, мал жайылымын тазартамыз деп, өткен жылдан қалған шөптерді өртейді. Осындай әрекеттерден орман өрті өршуі мүмкін екенін ескертіп өткен жөн. Демалыс орындары мен орман аумақтарына барғандар тіршілік иелеріне ұқыптылықпен қараса, экологиямыз да таза болады. Сұлу табиғатымыздың адамзатқа берері әлі көп. Ал, ормандағы жасыл желектің қиылуына жол бермей, өрттен сақтау – орманшылардың басты міндеті. Сондай-ақ, бұл жалпыхалықтық іс болып табылады. Ендеше, табиғатымызды өрттен қорғайық.

**Қ.Шаарыстанов,**  
Қызылорай орманшылығының басшысы.

## Тазалық айлығы

«Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен ақтоғайлықтар 13 сәуір күні аудан елді мекендерінде санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандырудың екі айлығына сәйкес «Таза бейсенбі» санитарлық тазалық сенбілігін ұйымдастырды. Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым

## Серпінді сенбілік



бөлінген аумақтарда, көшелерде тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Соның ішінде, аудан орталығы Ақтоғай ауылының кіреберіс

аймағын, орталық көшелер мен әлеуметтік нысандардың айналасын толық қамтыған тазалық жанашырлары коқыс қалдықтарын шығарып,

ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты.

Атап өту қажет, сала мамандарының ақпарына сүйенсек, аталмыш сенбілік аясында Ақтоғай ауылы бойынша тазалық жұмыстарына 250 адам, 2 техника жұмылдырылды. Тазартылған аумақтар бойынша 40 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылған. Бұл шара тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және өңірдің санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды.

**Д.Амангелдіұлы.**

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА**

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

**Кезекші редактор: Думан Қабыл**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай**

**ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

**Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.**

